

Азаматтық авиация саласындағы кейбір нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қаңтардағы N 106 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 қазандағы N 1070 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.18 N 1070 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына сәйкес, сондай-ақ азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін, оларға арналған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу ережесі;

2) Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларды және олар көрсететін қызметтерді сертификаттау ережесі;

3) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.09.26 N 891 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен;

4) Аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.09.26 N 891 Қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 30 қаңтардағы

N 106 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін, оларға арналған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін, оларға арналған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңының, "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының талаптарына және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын тиісті халықаралық шарттарды ескере отырып, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес әзірленген.

Ереже Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерін, оларға арналған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу және олардың Мемлекеттік тізілімін (бұдан әрі - Тізілім) жүргізу, әуе кемесінің Тізілімге енгізілгенін куәландыратын құжат болып табылатын азаматтық әуе кемелері, оларға арналған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті (бұдан әрі - Куәлік) беру тәртібін анықтайды. Куәлік кеме құжаты болып табылады.

Ереже аса жеңіл авиацияның әуе кемелеріне де қолданылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.12. N 934 Қ а у л ы с ы м е н .

2. Қазақстан Республикасының барлық азаматтық әуе кемелері, сондай-ақ оларға арналған құқықтар және олармен жасалатын мәмілелер мемлекеттік тіркеуге жатады.

Сондай-ақ мәмілелер мен өзге де заңи фактілердің нәтижесінде азаматтық әуе кемелеріне арналған құқықтардың (ауыртпалықтардың) өзгеруі және тоқтатылуы тіркеуге жатады.

3. Осы Ережеге сәйкес уәкілетті орынға берілетін барлық құжаттар азаматтық әуе кемесін пайдаланудың бүкіл мерзімі ішінде сақталуға жатады.

4. Азаматтық әуе кемелерін тіркеу, Куәліктерді ауыстыру, Куәліктердің телнұсқаларын беру жөніндегі, азаматтық әуе кемесін Тізілімнен алып тастау туралы Куәліктерді беру жөніндегі құжаттар азаматтық әуе кемесін есептен шығарған соң бір жыл өткенге дейін сақталады. Есептен шығарғаннан кейін бір жыл өткен соң құжаттар белгіленген тәртіппен жойылады.

2. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін, оларға арналған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу тәртібі

5. Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу уәкілетті орган немесе басқа мемлекеттің тиісті органы берген және Қазақстан Республикасында жарамды деп танылған, азаматтық әуе кемесінің Ұшу жарамдылығының сертификаты, Үлгі сертификаты болғанда ғана жүзеге асырылады.

6. Азаматтық әуе кемесінің меншік иесі немесе пайдаланушы оны мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға тиісті құжаттарды қоса ұсына отырып, өтініш береді.

7. Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесін уәкілетті орган белгілейді.

8. Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу қажетті құжаттар қоса ұсынылған өтініш берілген күннен бастап 15 жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

9. Құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған жағдайда уәкілетті орган қайтару себебін көрсете отырып, өтініш берушіге құжаттарды қайтарады.

10. Уәкілетті органның анықтаған кемшіліктерін жойған кезде өтініш беруші азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға қайтадан өтініш бере алады. Бұл ретте мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу талап етілмейді.

11. Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін алынған қаражат республикалық бюджетке аударылады.

3. Тізілім жүргізу тәртібі

12. Тізілімді жүргізуді уәкіл орган жүзеге асырады.

13. Шетелдік азаматтық әуе кемелері, сондай-ақ оларға арналған құқықтар және олармен жасалатын мәмілелер туралы мәліметтер Тізілімге оларды шетел мемлекеті әуе кемелерінің тізілімінен шығарғаннан кейін ғана енгізіледі.

14. Егер азаматтық әуе кемесі екінші шолу радиолокаторының S режиміне ие болса, онда оған тіркеу кезінде әуе кемесінің 24-биттік адресі беріледі.

15. Тізілімге енгізілген азаматтық әуе кемесі Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде де, сол сияқты одан тысқары жерде де ұшуға жіберіледі.

16. Азаматтық әуе кемесі Тізілімнен мынадай жағдайларда шығарылады:

1) азаматтық әуе кемесі пайдалану есебінен шығарылса немесе алынса, азаматтық әуе кемесі бұзылса және оны қалпына келтіру мүмкін болмаса немесе із-түзсіз жоғалса, егер оны іздестіру тоқтатылса;

2) азаматтық әуе кемесі белгіленген тәртіппен шетелдік мемлекетке, шетелдік

заңды немесе жеке тұлғаға сатылса немесе берілсе;

3) азаматтық әуе кемесі мемлекеттік немесе эксперименталдық санатқа ауыстырылса ;

4) әуе кемелерін тіркеу рәсімдерінде көзделген басқа да жағдайларда.

17. Азаматтық әуе кемесін Тізілімнен шығару үшін меншік иесі немесе иеленуші уәкілетті орынға тиісті құжаттарды қоса ұсына отырып өтініш береді.

Азаматтық әуе кемесін Тізілімнен шығару үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесін уәкілетті орган белгілейді.

18. Тізілімнен шығарылған азаматтық әуе кемесінің куәлігі, сондай-ақ Тізілімде осы кемеге қатысты жасалған барлық жазбалар күшін жояды және Тізілімнен шығарылған сәттен бастап он күндік мерзімде уәкілетті органға қайтаруға жатады.

4. Куәлікті беру тәртібі

19. Ұсынылған құжаттардың негізінде уәкілетті орган азаматтық әуе кемесін Тізілімге енгізеді және Куәлік (қосымша) береді және тағайындауына байланысты азаматтық әуе кемесіне мына атаулардың бірі беріледі:

1) ж о л а у ш ы л а р ;

2) к ө л і к т і к ;

3) а й ы р б а с т а л ы м д ы ;

4) ж ү к - ж о л а у ш ы л а р ;

5) а р н а й ы қ о л д а н у ;

6) с а н и т а р л ы қ ;

7) жаттығу.

20. Куәлік ұшулар кезінде азаматтық әуе кемесінің бортында болуы тиіс. Борттық құжаттарды көшірмеге ауыстыруға рұқсат етілмейді.

21. Куәліктің "Азаматтық әуе кемесін табыстау туралы белгілер" бөліміне мынадай жағдайларда тиісті өзгерістер енгізіледі:

1) егер Тізімге енгізілген азаматтық әуе кемесіне берілген меншік құқығы немесе өзге құқық, сондай-ақ осы құқыққа түсетін ауыртпалықтар басқа заңды немесе жеке тұлғаға ауысатын болса;

2) азаматтық әуе кемесінің пайдаланушысы өзгерген болса.

22. Куәлікке өзгерістер енгізу үшін уәкілетті органға тиісті құжаттар қоса ұсынылған өтініш беріледі. Куәлікке өзгерістер енгізу үшін тиісті құжаттардың тізбесін уәкілетті орган бекітеді.

23. Куәлікке өзгерістер енгізу туралы өтінішті қарау мерзімі 10 жұмыс күнін құрайды .

24. Куәлікке өзгерістер енгізу алым өндіріп алмай жүзеге асырылады.

25. Азаматтық әуе кемесін қайта жабдықтағаннан кейін қызметі өзгерген кезде оған жаңа Куәлік беріледі. Пайдаланушы Куәлікті ауыстыру үшін уәкілетті органға азаматтық әуе кемесін қайта жабдықтау туралы құжаттар ұсынады.

26. Азаматтық әуе кемесіне:

1) абайсыз бүлдіріп алған;

2) жоғалтқан;

3) ұрлатқан жағдайларда Куәліктің көшірмесі беріледі.

27. Куәлікті абайсыз бүлдірген жағдайда, ол ауыстыруға жатады.

28. Куәлікті жоғалтып алған немесе оны ұрлатып алған кезде, азаматтық әуе кемесін пайдалану телнұсқасын алғанға дейін дереу тоқтатылады. Телнұсқа алу үшін өтінішке жоғалу немесе ұрлану фактілерін растайтын құжаттар қоса берілуі қажет.

Уәкілетті орган өтініш түскен күннен бастап 7 күн ішінде Куәліктің телнұсқасын беруді жүргізеді.

Куәліктің телнұсқасын бергені үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мөлшерде мемлекеттік тіркегені үшін алым алынады.

29. Тізілімге енгізілген азаматтық әуе кемесінің меншік иесі немесе пайдаланушысы уәкілетті органға азаматтық әуе кемесіне меншік құқығы мен басқа да құқықтардың, сондай-ақ сол құқықтарға ауыртпалықтардың, жалдау шарттарының барлық өзгерістері, төтенше жағдайлар, азаматтық әуе кемесінің жоғалуы, сынуы туралы хабарлайды.

30. Куәлікке өзгерту енгізуді немесе оны ауыстыруды талап ететін барлық жағдайларда, сондай-ақ Пайдаланушы сертификатының қолданылуы тоқтатылған кезде, Куәлік өзінің күшін жояды және инспекторлық ұйғарымды берген кезден бастап он күндік мерзімде уәкілетті органға қайтаруға жатады.

31. "Азаматтық әуе кемесін табыстау туралы белгілер" бөлімі толық толтырылған Куәлік кезекті ауыстыру кезінде әуе кемесінің іс қағазында өзге тіркеу құжаттарымен бірге сақтауға қалдырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 30 қаңтардағы

№ 106 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының

азаматтық әуе кемелері, оларға

арналған құқықтарды және

олармен жасалатын мәмілелерді

мемлекеттік тіркеу ережесіне

қосымша

Уәкілетті орган

**АЗАМАТТЫҚ ӘУЕ КЕМЕСІН МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТУРАЛЫ
КУӘЛІК**

N _____

1. Мемлекеттік және тіркеу айырым белгілері	2. Азаматтық әуе кемесінің үлгісі және тағайындауы (зауыттық) нөмірі	3. Азаматтық әуе кемесінің сериялық нөмірі
	U	N

4. Меншік иесі: _____

5. Пайдаланушы _____

6. Осымен осы азаматтық әуе кемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасына және Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға (Чикаго , 1944 ж.) сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне тиісті түрде енгізілгендігі куәландырылады.

7. Осы Куәлік тіркеу мақсаты үшін берілген және азаматтық әуе кемесіне меншік құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

М.О. Уәкілетті органның басшысы

(қолы) (Т.А.Ә.)

Берілген күні 200 ____ жылғы " ____ " _____

АЗАМАТТЫҚ ӘУЕ КЕМЕСІН ТАБЫСТАУ ЖӨНІНДЕГІ БЕЛГІЛЕР

Меншік иесі _____

Пайдаланушы _____

Негіздеме _____

М.О. Уәкілетті органның басшысы

(қолы, Т.А.Ә.)

Берілгені күні 200 ____ ж. " ____ " _____

Меншік иесі _____
Пайдаланушы _____
Негіздеме _____
М.О. _____ Уәкілетті органның басшысы

(қолы, Т.А.Ә.)
Берілгені күні 200 ____ ж. " ____ " _____

Меншік иесі _____
Пайдаланушы _____
Негіздеме _____
М.О. _____ Уәкілетті органның басшысы

(қолы, Т.А.Ә.)
Берілгені күні 200 ____ ж. " ____ " _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 0 қ а ң т а р д а ғы
N 1 0 6 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

**Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларды және олар көрсететін
қызметтерді сертификаттау
ЕРЕЖЕСІ**

**Ескерту. Мәтінге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.12. N 934
Қаулысымен.**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларды және олар көрсететін қызметтерді сертификаттау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңының, "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының талаптарына және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын тиісті халықаралық шарттарды ескере отырып, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес әзірленген.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген азаматтық

әуе кемелерін пайдаланушыларға, сондай-ақ жолаушылар, теңдеме жүк, жүк және почтаның әуе тасымалын ұйымдастыру мен қамтамасыз ету және авиациялық жұмыстарды орындау жөнінде аталған пайдаланушылар көрсететін қызметтерге сертификаттар беру тәртібін белгілейді.

Осы Ереже аса жеңіл авиацияның әуе кемелерін пайдаланушыларға қолданылмайды.

3. Осы Ережеде қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

1) өтінім - өтініш берушінің сертификаттық тексеру рәсімдерінен өту үшін уәкілетті органға жазбаша өтініші;

2) өтініш беруші - Азаматтық әуе кемесін пайдаланушының сертификатын алу үшін уәкілетті органға өтініш жасаған жеке немесе заңды тұлға;

3) сертификаттық талаптар - азаматтық авиацияны сертификаттау саласында нормативтік құқықтық кесімдермен белгіленген талаптар;

4) сертификаттық тексеру - уәкілетті орган жүзеге асыратын авиациялық қызмет көрсету жөніндегі құралдардың, жабдықтардың, пайдалану рәсімдерінің, технологиялық процестердің, құжаттамалардың, ұйымдық құрылымдардың, сондай-ақ өтініш берушінің әкімшілік, ұшу және жердегі персоналы құзыреттілігінің сертификаттық талаптарға сай екендігін тексеру.

4. Сертификаттаудың мақсаты адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін авиациялық қызметтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

5. Авиациялық қызметтер сертификаттаудың объектілері болып табылады.

6. Азаматтық әуе кемесін пайдаланушының сертификаты (бұдан әрі - Пайдаланушы сертификаты) иеліктен шығарылмайтын болып табылады және басқа заңды тұлғаға берілмейді.

7. Пайдаланушы сертификаты қолданылу саласын және мерзімін көрсете отырып, 2 жылдан аспайтын мерзімге беріледі (1-қосымша).

7-1. Аса маңызды ұшуларды жүзеге асыратын (коммерциялық тасымалдарды орындау құқығынсыз) және сертификаттық талаптарға сәйкес келетін қазақстандық авиакомпанияларға коммерциялық тасымалдарды орындау құқығынсыз Пайдаланушының сертификаты (1-1-қосымша) берілуі мүмкін.

Ескерту. Ереже 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.10.28. N 1695 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

8. Пайдаланушы сертификатын беруді, есепке алуды, сондай-ақ сертификаттық талаптардың сақталуын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Сертификаттауды жүргізу тәртібі

9. Сертификаттауды жүргізудің мынадай тәртібі белгіленеді:

- 1) уәкілетті органға өтініш берушінің сертификаттық талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттармен бірге өтінімді беруі;
 - 2) уәкілетті органның алдын ала бағалауы және өтінім жөнінде шешім қабылдауы;
 - 3) уәкілетті органның сертификаттық тексеру жүргізуі;
 - 4) шешім қабылдау және Пайдаланушы сертификатын беру (беруден бастап тарту) .
10. Сертификаттаудың жалпы мерзімі 3 (үш) айдан аспауы тиіс.

3. Өтінімді беру және алдын-ала бағалау

11. Өтініш беруші уәкілетті органға сертификаттық талаптарға сәйкестігін уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша растайтын құжаттармен бірге белгіленген нысандағы (2-қосымша) өтінімді жібереді.

12. Уәкілетті орган ұсынылған құжаттарды қарайды және 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде ол туралы өтініш берушіге хабарланатын олар бойынша тиісті шешім (3-қосымша) қабылдайды. <*>

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.12.03. N 1265 қаулысымен .

13. Өтінімді алдын ала бағалау рәсімдермен, өтініш берушінің құжаттарында берілген тәжірибемен және әдістермен жалпы танысуды және олардың сертификаттық талаптарға сәйкестігін тексеруді қамтиды.

Бұл ретте мынадай мәселелер қаралады:

- 1) басқарудың ұйымдық құрылымы, практикасы және негізгі қағидаттары;
 - 2) ұшуды ұйымдастыру мен қамтамасыз етудегі басшы құрамның тәжірибесі, сондай-ақ ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тікелей байланысты басшы құрам мен мамандар бойынша деректердің болуы (6-қосымша);
 - 3) авиациялық персонал штатының жинақталуы және даярлау жүйесі;
 - 4) өтініш берушінің өзге ұйымдармен техникалық қызмет көрсетуге және әуе кемелерін жөндеуге, сондай-ақ авиациялық персоналды оқытуға жасасқан келісімдерінің болуы;
 - 5) әуе кемелерін пайдалану құқықтарына келісімдердің болуы және олардың мазмұны (ондайлар болған жағдайда);
 - 6) авиациялық техникаға қызмет көрсетуге және әуе тасымалын жүзеге асыруға арналған үй-жайдың болуы;
 - 7) ұшуларды жүргізу жөніндегі (4-қосымша) және әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі (5-қосымша) басшылықтардың болуы.
14. Егер өтініш беруші мынадай талаптарға сәйкес болса уәкілетті орган

өтініш бойынша Пайдаланушының сертификатын беру туралы шешім қабылдай
а л а д ы :

- 1) міндетті сақтандыруды жүзеге асырса;
- 2) әуе кемелерінің ұшуы, техникалық пайдаланылуы мен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті персоналы, жабдықтары, құрылыстары, құжаттамасы, ғимараттары, сертификатталған бөлімшелері болса;
- 3) сертификатталған әуе кемелері болса.

15. Уәкілетті орган өтінішті қарау барысында мынадай рәсімдерді жүзеге
а с ы р а д ы :

1) ұсынылған әуе тасымалдарының және (немесе) авиациялық жұмыстардың көлемін, әуе кемелерінің үлгілерін, басқару және басшылық ету әдістерін, өтініш берушінің басшы орындарды алып отырған мамандарының құқықтарын және м і н д е т т е р і н б а ғ а л а у ;

2) авиациялық персоналдың даярлық дәрежесін анықтау;

3) ұшу, инженерлік-техникалық құрамның және басқа да мамандардың біліктілігін арттыру және жаттықтыру (тағылымдамадан өткізу) бағдарламаларының авиациялық талаптарға және азаматтық авиация кадрларын даярлау әрі қайта даярлау жөніндегі ережелерге сәйкестігіне алдын-ала бағалау ж ү р г і з у ;

4) өтініш беруші ұсынған әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және ұшу пайдаланымын инспекциялау (бақылау), әуе қозғалысын ұйымдастыру, әуе кемелерінің және өзге жабдықтардың техникалық жағдайын, сондай-ақ ұшуды қамтамасыз ететін қызметтердің жүйесін және бағдарламасын алдын-ала т а л қ ы л а у д ы ж ү р г і з у ;

5) өтініш беруші орындауы қажет көрсетілімділік және (немесе) дәлелді (техникалық) ұшуларды анықтау;

6) өтінім бойынша шешім қабылдау.

16. Егер өтінім осы Ереженің талаптарына сәйкес келмесе немесе сертификаттық талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар толық көлемде бермесе, өтінім жөніндегі шешімде қайтарылу себептері көрсетіліп мұндай өтінім қ а й т а р у ғ а ж а т а д ы .

17. Өтінім бойынша ескертулер болмаған кезде (ескертулер жойылғаннан кейін), өтінім жөніндегі шешімнің негізінде уәкілетті орган сертификаттық тексеруді жүргізу үшін комиссия құрады.

4. Сертификаттық тексеру

18. Осы тексеру барысында өтініш беруші ол мәлімдеген авиациялық қызметтердің сертификаттық талаптарға сай екендігін растауы тиіс.

19. Сертификаттық тексеру уәкілетті орган бекітетін сертификаттық тексерудің үлгі бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

20. Өтініш берушіні сертификаттық тексеру оның қызметінің, ең алдымен, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мәселелермен байланысты аспектілерін қ а м т и д ы .

21. Өтініш беруші өзінің қызметін ұшуларды қамтамасыз етудің барлық түрлері бойынша сертификаттық талаптарды ескере отырып ұйымдастырады, о л а р ғ а м ы н а л а р ж а т а д ы :

- 1) құқықтық қамтамасыз ету;
- 2) қаржылық-экономикалық қамтамасыз ету;
- 3) ұшуда пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- 4) инженерлік-авиациялық қамтамасыз ету;
- 5) әуе қозғалысын қызмет көрсетумен қамтамасыз ету;
- 6) штурмандық қамтамасыз ету;
- 7) аэронавигациялық қамтамасыз ету;
- 8) метеорологиялық қамтамасыз ету;
- 9) әуеайлақтық және әуежайлық қамтамасыз ету;
- 10) медициналық қамтамасыз ету.

Қамтамасыз етудің көрсетілген түрлері бойынша (құқықтық қамтамасыз етуді, ұшуда пайдаланылуын қамтамасыз етуді, инженерлік-авиациялық қамтамасыз етуді қоспағанда) сертификаттық талаптарды іске асыруда өтініш беруші қызметін дербес жүзеге асырады және заңнамаға сәйкес осы қызметтік жүзеге асыру үшін басқа тұлғаларды тарта алады.

22. Ұшу, жердегі қызметтер мен құралдардың жұмысын тексеру қойылған міндеттерді шешу үшін жеке құрамның дайындық деңгейінің, жердегі құралдардың және жабдықтардың сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізіледі.

23. Бұл ретте ғимараттар мен құрылыстардың тиісті түрде жабдықталғаны, күзет дабылы, хабардар ету құралдары бар екендігі және олардың тікелей арналымы бойынша пайдаланылатындығы тексеріледі және расталады.

Ангар құрылыстарының, зертханалардың, авиатехниканы жөндеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі цехтардың, әкімшілік ғимараттардың, жолаушы кешендерінің, қоймалардың және басқа да құрылыстардың белгіленген талаптарға сәйкестігі тексеріледі.

24. Ұшу жұмыстарын ұйымдастыру, ұшу құрамының дайындығы және біліктілік ұшуларды жүзеге асыруды реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс. Экипаж мүшелерінің азаматтық авиация саласында тиісті кәсіби қызметті жүзеге асыру құқығын куәландыратын күші бар к у ә л і к т е р і т и і с .

25. Өтініш берушінің мынадай құжаттамасы тексеруге жатады:

- 1) ұшуларды ұйымдастыру және орындау жөніндегі;
- 2) ұшуларды қамтамасыз ету жөніндегі;
- 3) экипаж мүшелерінің жеке істері;
- 4) экипаждың ұшу және жұмыс уақытын есепке алу;
- 5) пайдаланымдық және борттық жазулар.

26. Өтініш берушінің өз құрылымында авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөнінде сертификатталған қызметінің болуы немесе сертификатталған ұйымдармен техникалық қызмет көрсетуге және авиациялық техниканы жөндеуге тиісті шарттар жасасуы тиіс.

27. Егер өтініш беруші басқа мемлекетте тіркелген әуе кемелерін пайдаланса, онда әуе кемелерінің иесімен әуе кемелерінің ұшу жарамдылығын сақтау үшін жауапкершілікті белгілейтін тиісті келісімдер (шарттар) жасасуы тиіс.

28. Өтініш берушіде барлық пайдаланылатын әуе кемелеріне ұшуға жарамдылық сертификаты немесе Қазақстан Республикасында жарамды деп танылған шетел мемлекетінің ұшуға жарамдылық сертификаты болуы тиіс.

29. Халықаралық ұшуларды орындау кезінде өтініш беруші басқа елдердің әуежайларында өз өкілдерінің немесе басқа елдердің әуежайларында өкілдіктері бар азаматтық авиация ұйымымен шарт жасасу арқылы техникалық қызмет көрсетуді көздеуі тиіс. Басқа елдердің әуежайларында техникалық қызмет көрсету тиісті мемлекеттің әуежайларында техникалық қызметті ұйымдастырудың белгіленген тәртібіне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

30. Сертификаттық тексеру нәтижелері бойынша өтініш берушінің объектілерінің нақты жағдайын, пайдаланушы сертификатын беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы тұжырымдарды, ұсынымдарды көрсетіп, 2 данада сертификаттық тексеру актісін (7-қосымша) жасайды. Актіге комиссияның барлық мүшелері қол қояды және танысу үшін өтініш берушіге беріледі.

31. Комиссияның сертификаттық тексеру мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын болуы тиіс.

5. Пайдаланушы сертификатын беру, беруден бас тарту, қолданылуын тоқтата тұру, қайтарып алу және жарамсыз деп тану

32. Пайдаланушы сертификатын беру үшін Пайдаланушы сертификатын беру мүмкіндігі туралы қорытындысы бар сертификаттық тексеру актісі негіз болып т а б ы л а д ы .

Пайдаланушы сертификатын беру мүмкіндігі туралы қорытындысы бар сертификаттық тексеру актісі жасалғаннан кейін уәкілетті орган он күндік мерзімде Пайдаланушы сертификатын ресімдейді және береді.

33. Пайдаланушы сертификатын беруден бас тарту мынадай жағдайларда

ж ү р г і з і л е д і :

1) заңнамалық кесімдермен осы санаттағы тұлғалар үшін азаматтық әуе кемелерін пайдалану жөнінде қызметтер көрсетуге тыйым салынғанда;

2) өтініш беруші ұсынатын қызметтер көрсету сертификаттық талаптары с ә й к е с к е л м е г е н д е ;

3) өтініш берушіге қатысты қызметтердің осы түрлерін көрсетуге тыйым салатын соттың шешімі болғанда.

34. Пайдаланушы сертификатын беруден бас тартқан кезде өтініш берушіге бас тарту себептері көрсетілген дәлелді жауап беріледі.

35. Пайдаланушы сертификатының қолданылуы мынадай негіздер бойынша т о қ т а т ы л а д ы :

1) пайдаланушы ұсынатын қызметтер көрсету сертификаттық талаптарға с ә й к е с б о л м а ғ а н д а ;

2) пайдаланушының өтініші бойынша;

3) авиациялық қызметтер көрсету саласындағы сертификаттық талаптар өзгерген кезде ;

4) авиациялық қызметтер көрсетудің технологиялық процесі өзгерген кезде.

36. Уәкілетті орган тоқтата тұру себептерін көрсетіп, Пайдаланушы сертификатының қолданылуын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата алады.

Пайдаланушы сертификаты олардың негізінде тоқтатыла тұрған себептер жойылмаған жағдайда, ол қайтарып алынады.

37. Пайдаланушы сертификатының қолданылуын қайта қалпына келтіруді (оны тоқтата тұру жағдайында) уәкілетті орган пайдаланушы анықталған кемшіліктерді жойғаннан кейін, сондай-ақ ол уәкілетті органға растайтын құжаттарды бергеннен және уәкілетті орган қажетті тексерулерді жүргізгеннен кейін ғана жүзеге асырады.

38. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңында көзделген жағдайларда Пайдаланушы сертификаты жарамсыз деп т а н ы л а д ы .

39. Пайдаланушы сертификатының қолданылуын тоқтата тұру, қайтарып алу немесе жарамсыз деп тану жағдайында уәкілетті орган қабылданған шешім туралы пайдаланушыға және аэронавигациялық ақпарат қызметіне дереу х а б а р л а й д ы .

40. Пайдаланушының сертификатын қайтарып алу, жарамсыз деп тану кезінде пайдаланушы уәкілетті органға Пайдаланушы сертификатын дереу қайтаруға тиіс.

6. Пайдаланушы сертификатына өзгерістер енгізу және телнұсқасын беру

41. Пайдаланушының атауы, оның мәртебесі, ведомстволық тиесілілігі өзгергенде және егер сертификаттық талаптарға сәйкессіздіктерге әкеп соқтырмайтын жағдайларда Пайдаланушы сертификатына және Пайдаланушы сертификатын пайдалану жөніндегі арнайы ережелерге тиісті өзгерістер е н г і з і л е д і . < * >

Ескерту. 41-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.03. N 1265 қ а у л ы с ы м е н .

42. Пайдаланушы сертификаты бүлінген немесе жоғалған (ұрланған) жағдайда уәкілетті орган оның өтініші негізінде пайдаланушыға телнұсқасын б е р е д і .

43. Пайдаланушы сертификатына өзгерістер енгізу немесе телнұсқасын алу үшін пайдаланушы қажетті негіздемелерімен және бұрын берілген Пайдаланушы сертификатын қоса бере отырып, уәкілетті органға еркін нысандағы өтініш береді (жоғалғаннан (ұрланғаннан) басқа жағдайларда).

7-тарау. Бақылау

44. Пайдаланушылардың сертификаттық талаптарды сақтауына бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2003 жылғы 30 қаңтардағы
N 106 қаулысымен бекітілген
Азаматтық әуе кемелерін
пайдаланушыларды және олар
көрсететін қызметтерді
сертификаттау ережесіне
1-қосымша

Ескерту. Қосымшаның мәтіні бойынша "Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылардың қызметтерін" деген сөздер "Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларды және олар көрсететін қызметтерді" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2004.12.03 N 1265, өзгерту енгізілді - 2007.10.12 N 934, 2009.12.30 № 2310 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

Уәкілетті орган

ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ СЕРТИФИКАТЫ

№ _____

Қолданылу мерзімінің аяқталу күні:	Пайдаланушының Коммерциялық Пайдаланушының Т е л е ф о н ы : Ф а к с ы : E-mail:	атауы атауы мекенжайы:	Пайдаланудағы жедел байланыс Байланыс ақпараты:
------------------------------------	---	------------------------------	--

Осы сертификат пайдаланушы _____ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қаңтардағы № 106 қаулысымен бекітілген Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларды және олар көрсететін қызметтерді сертификаттау ережелерінің талаптарын, Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптары мен Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның (Чикаго қаласы, 1944 жыл) ережелерін қанағаттандыратынын қ у ә л а н д ы р а д ы .

Пайдаланушы _____ қоса беріліп отырған Пайдалану жөніндегі арнайы ережелерде белгіленгендей, ұшуды орындау жөніндегі басшылыққа сәйкес коммерциялық әуе тасымалдарын жүзеге асыру құқығы б е р і л г е н .

Осы Сертификат табыстауға жатпайды және ол кері қайтарып алынғанға немесе оның қолданылуы тоқтатыла тұрғанға дейін күшінде болады.

Инспекциялық бақылауды _____ жүзеге (уәкілетті органның атауы) асырады.

МО

Уәкілетті органның басшысы

(қолы) (Т.А.Ә.)

Күшіне енген күні: ____ ж. « ____ » _____

У ә к і л е т т і

о р г а н

(пайдаланушының атауы N ____ сертификат)

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ ЕРЕЖЕЛЕР

(пайдалану талаптары мен шектеулері) А бөлігі - Жалпы ережелер

1. Қолданылуы. Осы Пайдалану жөніндегі арнайы ережелер (шектеулер) Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларды және олар көрсететін қызметтерді сертификаттау ережесіне және әуе кеңістігінде ұшулар орындалатын шетел мемлекетінің нормативтік құжаттарына сәйкес беріледі.

2. Анықтамалар мен қысқартулар. Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларды және олар көрсететін қызметтерді сертификаттау ережесінде белгіленген барлық сөздер, сөз орамдары мен қысқартулар, осы пайдалану жөніндегі арнайы ережелерде де сондай мәнде қолданылады.

3. _____ берілген
N _____ пайдаланушы сертификаты бар пайдаланушы "_____"
ұшуды _____ орындауға _____ даярланған.

4. Әуе кемелерін пайдалануға рұқсат.
Пайдаланушыға - "_____" _____
(авиациялық қызметтердің түрлері) орындау үшін мынадай жасаушылары мен
модельдердің әуе кемелерін пайдалануға рұқсат етіледі:
_____ желілерде ұшу үшін:

Жасаушы			Моделі	Ең жоғары жүк көтергіштігі және жолаушы сыйымдылығы
1	2	3		

1-бағанда әуе кемелерін жасаушы зауыт көрсетіледі; 2-бағанда әуе кемесінің үлгісі және мемлекеттік тіркеу нөмірі, 3-бағанда тоннамен берілетін көрсеткіш және жолаушылар саны көрсетіледі.

(лауазымы) _____ (қолы) _____
_____ жылғы "_____" _____
Уәкiлеттi _____ о р г а н

(пайдаланушының атауы, N_____ сертификат)

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ ЕРЕЖЕЛЕР

(пайдалану талаптары мен шектеулері) А бөлігі - Жалпы ережелер (жалғасы)

_____ және _____ бойынша ұшуды
орындау үшін экипажды пайдалану жөніндегі шектеулер.

Пайдаланушыға "_____" мәлімделген әуе кемелерін
_____ бойынша және _____
төмендегідей ұшу құрамымен ұшуларды орындауы үшін пайдалануына

р ұ қ с а т

е т і л е д і :

р/с	N	Лауазымы	Т.А.Ә.
	1		
	2		
	3		

(лауазымы)

(қолы)

жылғы " " "

Уәкілетті

орган

(пайдаланушының атауы, N__ сертификат)

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2003

жылғы

30

қаңтардағы

№

106

қаулысымен

бекітілген

Азаматтық

әуе

кемелерін

пайдаланушыларды

және

олар

көрсететін

қызметтерді

сертификаттау

ережесіне

1 - қосымшасының

В бөлігі

Ескерту. В бөлігі жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2310 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Уәкілетті

орган

(пайдаланушының атауы,

Сертификат № ____)

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ ЕРЕЖЕЛЕР

(пайдалану талаптары мен шектеулері) В бөлігі - Бағыттардағы рұқсаттар және шектеулер

Беретін	өкілетті	орган	туралы	байланыс	ақпараты
Телефоны:	_____;			Факсы:	_____;
E-mail:	_____				
Коммерциялық атауы:	_____				

Әуе кемесінің моделі:				
Ұшу түрлері: Комерциялық әуе тасымалдары: - Тұрақты; - Тұрақты емес; - Жолаушылар; - Жүктер; - Өзгелері _____				
Ұшу аудан(дар)ы:				
Арнайы шектеулер:				
Арнайы рұқсаттар:	Иә	Жоқ	Арнайы бекітулер	Ескертулер
Қауіпті жүктер	-	-		
Нашар көрінетін жағдайларда ұшу:				
Қонуға кіру және қону;	-	-	КАТ ____; RVR: ____ м; DH: ____ м	
Ұшу	-	-	RVR: ____ м	
R V S M - қолданылмайды	-	-		
E T O P S - қолданылмайды	-	-	Қосалқы әуесайлаққа дейінгі ұшудың ең ұзақ уақыты: __ минут	
PBN жағдайларында ұшу үшін навигациялық ерекшеліктер	-	-		
Ұшу жарамдылығын сақтау	-	-		
Өзгелері	-	-		

_____ (ла у а з ы м ы) _____ (қ о л ы)

М О

_____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 30 қаңтардағы

№ 106 қаулысымен бекітілген

Азаматтық әуе кемелерін

пайдаланушыларды және олар

көрсететін қызметтерді

сертификаттау ережесіне

1 - қосымшасының

С бөлігі

Ескерту. С бөлігі жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2310 (колданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Уәкілетті

о р г а н

(пайдаланушының атауы, № сертификат)

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ ЕРЕЖЕЛЕР (пайдалану талаптары мен шектеулері) С бөлігі - Әуеайлақтардағы рұқсаттар мен шектеулер

1. Жалпы ережелер. Пайдаланушы «_____» Азаматтық әуеайлақтар тізіліміне және аэронавигациялық ақпарат жинақтарына енгізілген Қазақстан Республикасының аумағындағы азаматтық авиация әуеайлақтарын пайдалану құқығы беріледі. Әуеайлақтар мемлекет аумағынан тыс жерде орналасқан жағдайда оларды пайдалану тәртібі сол мемлекеттің аэронавигациялық ақпарат құжаттарына сәйкес белгіленеді.

2. Аспаптар бойынша қонуға кіру тәртібі және әуеайлақтарды пайдалану минимумдары.

а) Аспаптар бойынша қонуға кіру жүйелері:

Пайдаланушыға аспаптар бойынша қонуға кірудің мынадай жүйелерін қолдануға рұқсат етіледі:

- қонуға кірудің дәл емес жүйелері: VOR, VOR/DME, NDB, PAR
- қонуға кірудің дәл жүйелері: ILS, I санат
ILS, II санат

б) Аспаптар бойынша қонуға кірудің рұқсат етілген минимумдары:

Әуе кемесінің үлгісі	Қонуға кіру жолдары				
	ILS	PAR+2NDB	2NDB VOR/DME	PAR	NDB, VOR

_____ (уәкілетті органның басшысы)

_____ (қолы)

_____ жылғы «__» _____

Ескерту: егер осы әуеайлақ үшін уәкілетті орган әуе кемелерінің үлгілері бойынша әуеайлақтың ұшу және қону минимумын белгілемесе, пайдаланушы мәлімделген әуе кемелері мен әуеайлақтар үшін минимумдардың есептерін ұсынады.

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ ЕРЕЖЕЛЕР (пайдалану талаптары мен шектеулері) D бөлігі - Техникалық қызмет көрсету

"_____" пайдаланушының әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді Техникалық қызмет көрсету жөніндегі басшылық бекіткен Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында техникалық қызмет көрсетуді және

регламенттік жұмыстарын жүргізуді реттейтін стандарттарға, нормалар мен ережелерге сәйкес және _____ жылғы N___ техникалық қызмет көрсету шарты бойынша жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

Күрделі және қалпына келтіру жөндеулерін осы жұмыс түрлерін орындау құқығына сәйкестік куәлігі бар авиакәсіпорындар мен жөндеу зауыттарында ғана жүргізуге рұқсат етіледі.

(лауазымы) (қолы)

_____ жылғы " _____ " _____

Шетелге ұшуларды жүзеге асыратын пайдаланушылар үшін мынадай
т о л ы қ т ы р у л а р ж а с а л а д ы :

- шетелдік әуежайларда техникалық қызмет көрсетуді орындау Халықаралық әуе желілеріндегі ұшуларды инженерлік-авиациялық қамтамасыз ету туралы ереженің талаптарына сәйкес мәлімделген әуе кемелерінің үлгілерінде дербес техникалық қызмет көрсетуге қолданыстағы рұқсаты бар инженерлік-техникалық персоналға техникалық қызмет көрсетулердің қолданылып жүрген регламенттеріне және технологияларына сәйкес рұқсат етіледі.

У ә к і л е т т і

о р г а н

(пайдаланушының атауы, N___ сертификат)

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ ЕРЕЖЕЛЕР

(пайдалану талаптары мен шектеулері) Е бөлігі - Әуе кемелері салмағының рұқсат етілген стандарттық сандық нормалары, теңдестірулер және олардың шектеулері

ӘК үлгісі	Шекті	Шекті теңдестіру (% есебімен САХ)
-----------	-------	-----------------------------------

с а л м а қ

а р т қ ы

а л д ы ң ғ ы

Шектеулер: Әуе кемелерін шекті салмақтан және теңдестіру шектеулерінен артық пайдалануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

(лауазымы) (қолы)

_____ жылғы " _____ " _____

Ескерту: Егер жекелеген әуе кемелерінің үлгілік әуе кемелерінен ерекше сипаттамасы болса, онда олар бөлек тізіммен көрсетіледі.

У ә к і л е т т і

о р г а н

(пайдаланушының атауы, N__ сертификат)

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ ЕРЕЖЕЛЕР

(пайдалану талаптары мен шектеулері) F бөлігі - Әуе кемелерімен және жабдықтармен алмасу

Пайдаланушы Әуе кемелерімен алмасу туралы А пайдаланушы _____ мен Б пайдаланушы арасындағы (күні) шарттың талаптарына сәйкес рұқсат етілген ұшуларды пайдалану нормативтері мен ережелерінің қолданылатын қағидаларына сәйкес орындай алады.

Мұндай ұшуларды жүзеге асыру _____ және _____ алмасу пункттері арасында А пайдаланушының пайдалану талаптарының В бөлігінде көрсетілген бағыттар бойынша, Б пайдаланушының пайдалану талаптарында көрсетілген әуесайлақтарда және авиациялық персонал мен әуе кемелерінде рұқсат етіледі.

Ұшулар Б пайдаланушының әуе кемелерінің үлгісін және ұшу экипажын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Б пайдаланушы осы ұшуларға басшылық үшін жауап береді.

Мұндай ұшулар үшін пайдаланылатын әуе кемелерін пайдалану мен техникалық қызмет көрсету А пайдаланушының ұшуларды орындау және техникалық қызмет көрсету жөніндегі басшылығына және пайдалану талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

(лауазымы)

(қолы)

___ жылғы "___" _____

У ә к і л е т т і

о р г а н

(пайдаланушының атауы, N__ сертификат)

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ ЕРЕЖЕЛЕР

(пайдалану талаптары мен шектеулері) G бөлігі - Жалға алынатын әуе кемелерін пайдалану

(ӨК жалға алу бойынша шектеулер)

_____ пайдаланушыға _____
_____ әуе кемелерін пайдалануға, пайдалану нормативтері

мен ережелеріне, сондай-ақ осы пайдалану талаптарына сәйкес _____ жылғы " _____ " _____ (А) _____ мен (Б) _____ арасындағы жалдау туралы шарт бойынша жалға алу құқығымен рұқсат етіледі.

Мұндай ұшуларды жүзеге асыру осы талаптардың В бөлімде көрсетілген бағыттар бойынша және аудандарда және С бөлігінде аталған тиісті әуеайлақтарды пайдалана отырып және осы пайдалану талаптарында көрсетілген пайдалану минимумдарына сәйкес рұқсат етіледі.

Мұндай ұшулар (А) пайдаланушының әуе кемелерінің үлгісін және ұшу экипаждарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

(А) пайдаланушы осындай ұшуларға басшылық үшін жауап береді.

(лауазымы)

(қолы)

_____ жылғы " _____ " _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2003 жылғы 30 қаңтардағы

№ 106 қаулысымен бекітілген

Азаматтық әуе кемелерін

пайдаланушыларды және олар

көрсететін қызметтерді

сертификаттау ережесіне

1-1-қосымша

Ескерту. Ереже 1-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.10.28 N 1695 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2310 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

- -

Е л т а ң б а

- -

Уәкілетті орган

ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ СЕРТИФИКАТЫ

коммерциялық тасымалдарды орындау құқығынсыз

№ _____

Қолданылу мерзімінің аяқталу күні:	Пайдаланушының Коммерциялық Пайдаланушының Т е л е ф о н ы : Ф а к с ы : E-mail:	атауы атауы мекенжайы:	Пайдаланудағы жедел байланыс Байланыс ақпараты:
------------------------------------	---	------------------------------	--

Осы сертификат пайдаланушы _____ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қаңтардағы № 106 қаулысымен бекітілген Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларды және олар көрсететін қызметтерді сертификаттау ережелерінің талаптарын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптары мен Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның (Чикаго қаласы, 1944 жыл) қосымшаларын қанағаттандыратынын к у ә л а н д ы р а д ы .

Пайдаланушы _____ қоса беріліп отырған Пайдалану жөніндегі арнайы ережелерде белгіленгендей, ұшуды орындау бойынша басшылыққа сәйкес ұшуларды жүзеге асыру құқығы берілген.

Осы Сертификат тапсыруға жатпайды және ол қайтарып алынғанға немесе оның қолданылуы тоқтатылғанға дейін күші бар.

Инспекциялық бақылауды _____ жүзеге (уәкілетті органның атауы) асырады.

МО

Уәкілетті органның басшысы

(қ о л ы)

(Т . А . Ә .)

Күшіне енген күні: ____ ж. « ____ » _____
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2003 жылғы 30 қаңтардағы
N 106 қаулысымен бекітілген
Азаматтық әуе кемелерін
пайдаланушыларды және олар
көрсететін қызметтерді
сертификаттау ережесіне
2-қосымша
Уәкілетті орган басшысына

**Пайдаланушы сертификатын алу үшін (Пайдаланушы сертификатын пайдалану жөніндегі арнайы ережелерге өзгерістер енгізуге)
ӨТІНІМ**

(ішкі (халықаралық) әуе желілерінде ұшуды орындау үшін Пайдаланушы сертификатын алу, қолданылу мерзімін ұзарту, Пайдалану жөніндегі арнайы

ережелерге өзгерістер енгізу) мақсатында _____
сертификаттау жүргізуді сұраймын
(өтінім берушінің толық аты-жөні)
ұшуды бастау жоспарланған күн

(ұзарту/өзгерістер енгізу кезінде тиісінше қолданылып жүрген
Пайдаланушы сертификатының аяқталу мерзімі немесе жаңа пайдалану
жағдайындағы ұшуды бастау жоспарланған күн көрсетіледі)

өтініш беруші:

сертификаттау рәсімдерін орындауға;

сертификаттау талаптарына жауап беруге және уәкілетті органға ұшулардың
ұйымдастырылуын, қамтамасыз етілуін және орындалуын бақылауды жүзеге
асыруға мүмкіндік беруге;

сертификаттау жөніндегі шығыстарды төлеуге міндеттенеді.

Басшы _____

(лауазымы / қолы / күні)

М

О

Бас бухгалтер _____

(қолы/күні)

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 30 қаңтардағы

N 106 қаулысымен бекітілген

Азаматтық әуе кемелерін

пайдаланушыларды және олар

көрсететін қызметтерді

сертификаттау ережесіне

3-қосымша

Ескерту. Қосымша тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.12.03. N
1265 қаулысымен.

**Пайдаланушының сертификатын алуға арналған өтінім
бойынша шешім**

_____ жылғы " _____ " _____ N _____

(авиациялық қызметтердің түрлері)

орындауға Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификатын алуға

(өтініш берушінің атауы)
өтінімін қарап

Х а б а р л а й м ы з :

1. Сіз ұсынған құжаттар сертификаттық талаптарға сәйкес (сәйкес емес) (сәйкес келмеген жағдайда сәйкессіздік тармағы көрсетіледі)

2. Сертификаттау _____
(нормативтік құжаттардың атаулары) талаптарына сәйкестікке жүргізіледі

3. Инспекциялық бақылауды _____ жүзеге асырады
Уәкілетті органның басшысы

М ө р _____
(қолы)

_____ жылғы " _____ "
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2003 жылғы 30 қаңтардағы
№ 106 қаулысымен бекітілген
Азаматтық әуе кемелерін
пайдаланушыларды және олар
көрсететін қызметтерді
сертификаттау ережесіне
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2310 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Ұшуды орындау жөніндегі үлгі басшылық

1. Ұшуды орындау жөніндегі басшылықты өтініш беруші қолданыстағы ережелерге, нұсқаулықтарға және ИКАО 93 76-AN 914/құжатын және төменде келтірілген Ұшуды орындау жөніндегі үлгі басшылықты әдістемелік оқулық ретінде пайдалана отырып, әуе кемелерін пайдалануды реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірлейді:

Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 6-қосымшаның В

толықтыруында; Әуе кемелерін пайдалану, I бөлім. Халықаралық коммерциялық көлік. Ұшақтар - ұшақтарды пайдаланушы өтініш берушілер үшін;

Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 6-қосымшаның II толықтыруында. Әуе кемелерін пайдалану, III бөлім. Халықаралық ұшу.

Тікұшақтар - тікұшақтарды пайдаланушы өтініш берушілер үшін.

2. Ұшуды орындау жөніндегі басшылықтың құрылымы мынадай:

А бөлігі. Жалпы ережелер;

В бөлігі. Әуе кемесін пайдалану жөніндегі ақпарат;

С бөлігі. Аудандар, бағыттар және әуеайлақтар;

Д бөлігі. Д а й ы н д ы қ .

3. Ұшақтарды пайдаланатын өтініш берушілер үшін Басшылықта мынадай а қ п а р а т б о л у ы т и і с :

А бөлігі. Жалпы ережелер.

1-тарау. Әкімшілік және Ұшуды орындау жөніндегі басшылықты бақылау.

2-тарау. Ұшуды орындауға қатысы бар персоналдың міндеттері жалпы түрде б а ы н д а л ғ а н н ұ с қ а у л ы қ т а р .

3-тарау. Ұшу уақыты мен қызметтік ұшу уақытын нормалау ережесі және ұшу экипажы мүшелері мен бортсеріктер үшін жеткілікті демалу уақытын к ө з д е й т і н е р е ж е л е р .

4-тарау. Сипаттамаларға негізделген навигацияны пайдалану ұйғарылған әуе кеңістігінде ұсынуды жүргізуге қатысты кез келген талаптарды қоса алғанда, бортта болуы тиіс навигациялық жабдықтың тізбесі.

5-тарау. Қозғалтқыштың істен шығуына байланысты алыс навигация ережелерін ETOPS-ты орындау рәсімін пайдалануға жататын тиісті ұшу үшін, сондай-ақ қосалқы әуеайлақтарды тағайындау және пайдалану.

6-тарау. Радиожиіліктерді тыңдау қажет жағдайлар.

7-тарау. Ұшудың ең төменгі абсолютті биіктіктерін анықтау әдісі.

8-тарау. Әуеайлақтардың пайдалану минимумдарын анықтау әдістері.

9-тарау. Бортта жолаушылар болғанда отын құю уақытында қабылданатын с а қ т ы қ ш а р а л а р ы .

10-тарау. Жер үстінде қызмет көрсетуді ұйымдастыру және оның рәсімдері.

11-тарау. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 12-қосымшада айтылған оқиға куәлары болған әуе кемелері командирлерінің і с - қ и м ы л т ә р т і б і .

12-тарау. Орындалатын ұшудың әрбір үлгісі үшін ұшу экипажының құрамы, оның ішінде басшылықтың сабақтастық тәртібі.

13-тарау. Барлық ұшу шарттарын, оның ішінде бағытта бір немесе бірнеше қозғалтқыштардың ашылып кетуі мен істен шығу мүмкіндігін ескере отырып, бактарда болуы қажет отын мен май мөлшерінің есебі жөніндегі дәл нұсқаулар.

- 14-тарау. Оттегі қолданылатын жағдайлар және оттегі қоры.
- 15-тарау. Салмақ пен орталықтағышты бақылауға қатысты нұсқаулар.
- 16-тарау. Мұздануды жоюға/алдын алуға және осы операциялардың орындалуын бақылауға қатысты нұсқаулар.
- 17-тарау. Ұшудың жұмыс жоспарына қойылатын техникалық талаптар.
- 18-тарау. Ұшудың әрбір кезеңіне арналған стандартты пайдалану рәсімдері (S O P) .
- 19-тарау. Қарапайым бақылау тізбелерін пайдалануға және оларды пайдалану уақытына қатысты нұсқаулар.
- 20-тарау. Күтпеген жағдайларда ұшып шығу ережелері.
- 21-тарау. Абсолюттік биіктік туралы ақпаратқа және абсолюттік биіктік туралы автоматтық құралдармен немесе ұшу экипажы мүшелерінің хабарлауына қатысты нұсқаулар.
- 22-тарау. Қарапайым метеожағдайларда автопилоттарды және тартқыш автоматтарын пайдалануға қатысты нұсқаулар.
- 23-тарау. Әуе қозғалысына қызмет көрсету органының рұқсаттарын, атап айтқанда елді мекеннен ұшып өтуге қатысты рұқсаттарды нақтылауға және қабылдауға қатысты нұсқау.
- 24-тарау. Ұшуға және қонуға кіруге қатысты нұсқаулық өткізу.
- 25-тарау. Аудандармен, бағыттармен және әуеайлақтармен танысу рәсімдері.
- 26-тарау. Қонуға тұрақтандырылған кіру рәсімі.
- 27-тарау. Жер бетіне таяу төмендеудің жоғары жылдамдықтарын шектеу.
- 28-тарау. Қонуға аспаптар бойынша бет алуды бастау немесе жалғастыру үшін қажетті жағдайлар.
- 29-тарау. Қонуға аспаптар бойынша дәл және дәл емес бет алуды орындауға қатысты нұсқаулар.
- 30-тарау. Міндеттерді ұшу экипажы арасында бөлу және қонуға бет алуды және қонуды түнгі уақытта аспаптар бойынша және қарапайым метеожағдайларда орындау кезінде экипажға түсетін жұмыс жүктемесін реттеу рәсімі.
- 31-тарау. Жарамды әуе кемесінің жермен соқтығысуын болдырмау әдістеріне оқытуға арналған нұсқаулар және талаптар, сондай-ақ жердің таяу екені туралы ескерту жүйесін (GPWS) пайдалану қағидаттары.
- 32-тарау. Соқтығысудың алдын алу әдістеріне оқытуға және соқтығысудың алдын алудың борттық жүйесін (БСПС) пайдалануға арналған қағидаттар, нұсқаулар, ережелер және талаптар.
- 33-тарау. Азаматтық әуе кемелерін басып алуға қатысты ақпарат пен нұсқаулар, оның ішінде:
- а) Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 2-қосымшада

жазылған басып алынатын әуе кемелері командирлерінің іс-қимыл тәртібі; және

б) Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 2-қосымшадан алынған басып алатын және басып алынатын әуе кемелерінің пайдалануы үшін көрінетін сигналдар.

34-тарау. 15 000 м-ден (49 000 фут) астам биіктікте пайдалануға жататын ұшақтар үшіні:

а) ғарыштық күн радиациясы әсер еткен жағдайда ұшқышқа оңтайлы іс-қимыл барысын анықтауға мүмкіндік беретін ақпарат; және

б) төмендеу туралы шешім қабылданған жағдайда мыналарды көздейтін іс-қимыл тәртібі:

1) әуе қозғалысына қызмет көрсететін тиісті органды қалыптасқан жағдай және төмендеуге уақытша рұқсат алу туралы ескертудің қажеттігі; және

2) әуе қозғалысына қызмет көрсететін органмен байланыс орнату мүмкін болмаған немесе бұл байланыс үзілген жағдайда, қабылдануы қажет іс-қимыл.

35-тарау. Авиациялық оқиғаларды болдырмау бағдарламасы және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы егжей-тегжейлі мәліметтер.

36-тарау. Авариялық ахуал туындаған жағдайда қабылдануы тиіс іс-қимылды қоса алғанда, қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі ақпарат пен нұсқаулықтар.

37-тарау. Қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтар мен нұсқаулар.

38-тарау. Ұшақты тінту ережесінің бақылау тізбесі.

В-бөлігі. Әуе кемесін пайдалану жөніндегі ақпарат.

1-тарау. Сертификаттық шектеулер мен пайдаланудағы шектеулер.

2. Ұшу экипажының қалыпты, штаттық емес және авариялық жағдайлардағы іс-қимыл тәртібі және оған байланысты бақылау карталары.

3-тарау. Барлық жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштарымен бірге биіктікке көтерілу сипаттамалары туралы ақпарат және пайдалану жөніндегі нұсқаулық.

4-тарау. Тартымның/қуаттың және жылдамдықтың әртүрлі белгіленген мәндері бар ұшу алдындағы ұшуды жоспарлау мен ұшуды жоспарлау деректері.

5-тарау. Пайдаланылатын ұшақтардың әрбір үлгісі үшін желдің бүйірден соққан және бағыттас құрамдастарының ең жоғарғы мәндері және желдің екпінін, нашар көрінімді, ҰҚЖ бетінің жай-күйін, экипаждың тәжірибесін, авиапилотты пайдалануды, штаттық емес немесе авариялық жағдайларды немесе ұшуды байланысты кез келген басқа факторларды ескере отырып пайдалануға жататын азайтылған мәндері.

6-тарау. Салмақты және орталықтағышты есептеуге арналған нұсқаулық пен деректер.

7-тарау. Әуе кемесіне тиеу және жүкті арқандап байлау жөніндегі нұсқаулық.

8-тарау. Әуе кемесінің жүйелері, тиісті басқару органдары мен оларды пайдалану жөніндегі нұсқаулық.

9-тарау. Сипаттамаларға негізделген навигацияны пайдалануға нұсқама берілген, әуе кеңістігінде ұшуды орындауға қатысты кез келген талаптарды қоса алғанда, ұшақтардың пайдаланылатын үлгілері мен рұқсат етілген арнайы ұшулар үшін ең аз жабдықтың тізбесі мен конфигурациялардан ауытқулардың т і з б е с і .

10-тарау. Авариялық және құтқару жабдығының бақылау тізбесі, сондай-ақ оны пайдалану жөніндегі нұсқаулық.

11-тарау. Ахуал түрлер бойынша арнайы рәсімдерді, экипаждың іс-қимылын үйлестіруді, авариялық жағдайларда экипаж мүшелеріне олардың жұмыс орындарын бекітуді және экипаждың әрбір мүшесіне тапсырылған авариялық міндеттерді қоса алғанда, авариялық эвакуация ережесі.

12-тарау. Қызмет көрсетуші экипаждың қалыпты, штаттық емес және авариялық жағдайлардағы іс-қимыл тәртібі, оған байланысты бақылау карталары , сондай-ақ ұшу және қызмет көрсетуші экипаждардың іс-қимылын үйлестірудің қажетті рәсімдерінің сипаттамасын қоса алғанда, белгіленген талаптарға сәйкес әуе кемесінің жүйелері туралы ақпарат.

13-тарау. Түрлі бағыттарға арналған құтқару және авариялық жабдық пен оттегінің қолда бар және қажетті қорын анықтау рәсімін қоса алғанда, ұшып шығу алдындағы оның қалыпты жұмысын тексерудің қажетті рәсімдері.

14-тарау. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 12-косымшадан алынған, тірі қалғандардың пайдалануын арналған «жер-әуе» көрінетін сигналдарының коды.

С-бөлігі. Бағыттар мен әуеайлақтар

1-тарау. Ұшу экипажын әрбір ұшу кезінде байланыс құралдары, навигация құралдары, әуеайлақтар, әрбір нақты ұшуды орындауға қажетті аспаптар бойынша қонуға бет алу, аспаптар бойынша ұшып келу және аспаптар бойынша ұшып шығу туралы мәліметтермен және пайдаланушы ұшудың дұрыс орындауы үшін қажет деп есептейтін басқа да мәліметтермен қамтамасыз етуге арналған бағыттық анықтамалық деректер.

2-тарау. Әрбір белгіленген бағыттағы ұшудың ең төменгі абсолюттік биіктігі.

3-тарау. Белгіленген қону айлақтары немесе қосалқы айлақтар ретінде пайдалану болжанатын әуеайлақтардың әрқайсысының пайдалану минимумы.

4-тарау. Қонуға бет алуды қамтамасыз ету құралдарының немесе әуеайлақ құралдарының жұмысы нашарлаған жағдайда әуеайлақтардың пайдалану минимумдарын ұлғайту туралы ақпарат.

5-тарау. Өзгелермен қатар мыналарды:

1) ҰҚЖ беті құрғақ, ылғалды және ластанған жағдайларда ұшып көтерілген кезде ҰҚЖ ұзындығына қойылатын талаптарды, соның ішінде ұшып көтерілу қашықтығына әсер ететін жүйелердің істен шығумен негізделген талаптарды;

- 2) ұшып көтерілген кезде биіктік алуды шектеулерді;
- 3) бағыт бойынша ұшу кезінде биіктік алуды шектеулерді;
- 4) қонуға бет алған және қонған кезде биіктік алуды шектеулерді;
- 5) ҰҚЖ беті құрғақ, ылғалды және ластанған жағдайларда қонған кезде, оның ішінде қону қашықтығына әсер ететін жүйелер істен шыққан кезде ҰҚЖ ұзындығына қойылатын талаптарды; және
- 6) қосымша ақпаратты, мысалы пневматик жылдамдығын шектеулерді айқындауды қоса алғанда, ережелерде көзделген ұшулардың барлық бейіндерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті ақпарат.

Д-бөлігі. Дайындық.

1-тарау. Ұшу экипажын даярлау бағдарламасы туралы егжей-тегжейлі мәліметтер.

2-тарау. Бортсеріктерді міндеттерін орындауға даярлау бағдарламасы туралы егжей-тегжейлі мәліметтер.

3-тарау. Өз функцияларын ұшуды орындауды бақылауды жүзеге асыру әдісіне сәйкес орындайтын ұшуды орындауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкерді/диспетчерді даярлау бағдарламасы туралы егжей-тегжейлі мәліметтер.

4-тарау. Қауіпті жүктерді тасымалдау үшін авиациялық персоналды даярлау бағдарламасы.

5-тарау. Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі авиациялық персоналды даярлау бағдарламасы.

4. Тікұшақтарды пайдаланатын өтініш берушілер үшін Басшылық мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:
А бөлігі. Жалпы ережелер

1-тарау. Әкімшілік және Ұшуды орындау жөніндегі басшылықты бақылау.

2-тарау. Ұшуды жүргізуге қатысы бар персоналдың міндеттері жалпы түрде баяндалған нұсқаулықтар.

3-тарау. Ұшу уақыты мен қызметтік ұшу уақытын нормалау ережесі және ұшу экипажы мүшелері мен бортсеріктер үшін жеткілікті демалу уақытын көздейтін ереже.

4-тарау. Сипаттамаларға негізделген навигацияны пайдалану ұйғарылған әуе кеңістігінде ұшуды жүргізуге қатысты кез келген талаптарды қоса алғанда, бортта болуы тиіс навигациялық жабдықтың тізбесі.

5-тарау. Радиожиіліктер тыңдалуы қажет жағдайлар.

6-тарау. Ұшудың ең төменгі абсолютті биіктіктерін анықтау әдісі

7-тарау. Тікұшақ айлақтарының пайдалану минимумдарын анықтау әдістері.

8-тарау. Бортта жолаушылар болғанда отын құю уақытында қабылданатын сақтық шаралары.

9-тарау. Жер үстінде қызмет көрсетуді ұйымдастыру және оның рәсімдері.

10-тарау. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 12-қосымшада айтылған оқиға куәлары болған әуе кемелері командирлерінің іс - қимыл тәртібі.

11-тарау. Орындалатын ұшудың әрбір үлгісі үшін ұшу экипажының құрамы, оның ішінде басшылықтың сабақтастық тәртібі.

12-тарау. Барлық ұшу шарттарын, оның ішінде бағытта бір немесе бірнеше қозғалтқыштардың ашылып кетуі мен істен шығу мүмкіндігін ескере отырып, бактарда болуы қажет отын мен май мөлшерінің есебі жөніндегі дәл нұсқаулар.

13-тарау. Оттегі қолданылатын жағдайлар және оттегі қоры.

14-тарау. Салмақ пен орталықтағышты бақылауға қатысты нұсқаулар.

15-тарау. Мұздануды жоюға/алдын алуға және осы операциялардың орындалуын бақылауға қатысты нұсқаулар.

16-тарау. Ұшудың жұмыс жоспарына қойылатын техникалық талаптар.

17-тарау. Ұшудың әрбір кезеңіне арналған стандартты пайдалану рәсімдері (S O P) .

18-тарау. Әдеттегі бақылау тізбелерін пайдалануға және оларды пайдалану уақытына қатысты нұсқаулар.

19-тарау. Күтпеген жағдайларда ұшып шығу ережелері.

20-тарау. Абсолюттік биіктік туралы ақпаратты қамтамасыз етуге қатысты нұсқаулар .

21-тарау. Әуе қозғалысына қызмет көрсету органының рұқсаттарын, атап айтқанда елді мекеннен ұшып өтуге қатысты рұқсаттарды нақтылауға және қабылдауға қатысты нұсқаулар .

22-тарау. Ұшып шығуға және қонуға бет алуды орындауға қатысты нұсқама.

23-тарау. Бағытпен және межелі пунктпен танысу.

24-тарау. Қонуға аспаптар бойынша бет алуды бастау немесе жалғастыру үшін қажетті жағдайлар .

25-тарау. Қонуға аспаптар бойынша дәл және дәл емес бет алуға қатысты нұсқаулар .

26-тарау. Міндеттерді ұшу экипажы арасында бөлу және қонуға бет алуды және қонуды түнгі уақытта аспаптар бойынша және қарапайым метеожағдайларда орындау кезінде экипажға түсетін жұмыс жүктемесін реттеу рәсімі .

27-тарау. Азаматтық әуе кемелерін басып алуға қатысты ақпарат пен нұсқаулар , оның ішінде :

1) Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 2-қосымшада жазылған басып алынған әуе кемелері командирлерінің іс-қимыл тәртібі;

2) Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 2-

қосымшасындағы басып алатын және басып алынатын әуе кемелерінің пайдалануына арналған көрінетін сигналдар.

28-тарау. Авиациялық оқиғаларды болдырмау бағдарламасы және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы егжей-тегжейлі мәліметтер.

29-тарау. Авариялық ахуал туындаған жағдайда қабылдануы тиіс іс-қимылды қоса алғанда, қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі ақпарат пен нұсқаулар.

30-тарау. Қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтар мен нұсқаулар.

31-тарау. Тікұшақты тінту ережелерінің бақылау тізбесі.

В бөлігі. Әуе кемесін пайдалану жөніндегі ақпарат.

1-тарау. Сертификаттық шектеулер және пайдаланудағы шектеулер.

2-тарау. Ұшу экипажының әдеттегі, штаттық емес және авариялық жағдайлардағы іс-қимыл тәртібі және оған байланысты бақылау карталары.

3-тарау. Тартымның/қуаттылықтың және жылдамдықтың әр түрлі белгіленген мәндері бар ұшу алдындағы және ұшуды жоспарлауға арналған ұшуды жоспарлау деректері.

4-тарау. Салмақ пен орталықтағышты есептеуге арналған деректер мен нұсқаулықтар.

5-тарау. Әуе кемесіне тиеу және жүкті арқандап байлау жөніндегі нұсқаулықтар.

6-тарау. Әуе кемесінің жүйелері, тиісті басқару органдары және оларды пайдалану жөніндегі нұсқаулық.

7-тарау. Сипаттамаларға негізделген навигацияны пайдалануға нұсқама берілген, әуе кеңістігінде ұшуды орындауға қатысты кез келген талаптарды қоса алғанда, тікұшақтардың пайдаланылатын үлгілері мен рұқсат етілген арнайы ұшуларға арналған ең аз жабдықтар тізбесі.

8-тарау. Авариялық және құтқару жабдықтарының бақылау тізбесі, сондай-ақ оны пайдалану жөніндегі нұсқаулық.

9-тарау. Ахуал түрлер бойынша арнайы рәсімдерді, экипаждың іс-қимылын үйлестіруді, авариялық жағдайларда экипаж мүшелеріне олардың жұмыс орындарын бекітуді және экипаждың әрбір мүшесіне тапсырылған авариялық міндеттерді қоса алғанда, авариялық эвакуация ережесі.

10-тарау. Кабинадағы экипаждың қалыпты, штаттан тыс және апаттық жағдайлардағы іс-қимылдар тәртібі, оған байланысты бақылау карталары, сондай-ақ ұшу және қызмет көрсету экипаждарының іс-қимылын үйлестірудің қажетті рәсімдерін сипаттауды қоса алғанда, белгіленген талаптарға сәйкес әуе кемесінің жүйелері туралы ақпарат.

11-тарау. Әр түрлі бағыттарға арналған құтқару және авариялық жабдықтар мен оттегінің қажетті және қолда бар қорын айқындау рәсімдерін қоса алғанда, ұшып көтерілу алдындағы оның қалыпты жұмысын тексерудің қажетті рәсімдері.

12-тарау. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 12-қосымшадан алынған, тірі қалғандардың пайдалануын арналған «жер-әуе» көрінетін сигналдарының коды.

С бөлігі. Бағыттар мен әуеайлақтар

1-тарау. Ұшу экипажын әрбір ұшуда нақты ұшуды орындау үшін қажетті байланыс құралдары, навигациялық құралдары, әуеайлақтары, аспаптар бойынша қонуға бет алулар, аспаптар бойынша ұшып келулер мен аспаптар бойынша ұшып шығулар туралы мәліметтермен және пайдаланушы ұшуларды дұрыс орындау үшін қажет деп есептейтін өзге де мәліметтермен қамтамасыз ету үшін бағыттық анықтамалық деректер.

2-тарау. Әрбір белгіленген бағыттардағы ұшудың ең төменгі абсолютті биіктіктері.

3-тарау. Қону белгіленген тікұшақ айлақтары немесе қосалқы тікұшақ айлақтары ретінде пайдалану жоспарланған тікұшақ айлақтарының әрқайсысының пайдалану минимумдары.

4-тарау. Қонуға бет алуды қамтамасыз ететін құралдардың немесе тікұшақ айлағы құралдарының жұмыстары нашарлаған жағдайда тікұшақ айлақтарының пайдалану минимумдарын ұлғайту туралы ақпарат. Д. Д а й ы н д ы қ

1-тарау. Ұшу экипажын дайындау бағдарламасы туралы егжей-тегжейлі мәліметтер және қойылатын талаптар.

2-тарау. Бортсеріктерді міндеттерін орындауға даярлау бағдарламасы туралы егжей-тегжейлі мәліметтер.

3-тарау. Өз функцияларын ұшуды орындалуды бақылауды жүзеге асыру әдісіне сәйкес орындайтын қызметкерді/диспетчерді даярлау бағдарламасы туралы егжей-тегжейлі мәліметтер.

4-тарау. Қауіпті жүктерді тасымалдау үшін авиациялық персоналды даярлау бағдарламасы.

5-тарау. Авиациялық қауіпсіздік бойынша авиациялық персоналды даярлау бағдарламасы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2003 жылғы 30 қаңтардағы

№ 106 қаулысымен бекітілген

Азаматтық әуе кемелерін

пайдаланушыларды және олар

көрсететін қызметтерді

сертификаттау ережесіне

5-қосымша

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі үлгі басшылық

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі басшылық жалпы құжаттамадан және әрбір әуе кемесіне арналған ақпараттан тұрады.

1. Жалпы кұжаттамада:

1) Инженерлік-авиациялық қызметтің құрылымдық схемасын қоса алғандағы әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру туралы ақпарат.

2) Инженерлік-авиациялық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың міндеттері, жауапкершілігі мен өкілеттіктері.

3) Инженерлік-авиациялық қызметтің басшы құрамының және ИАҚ құрылымдық бөлімшелері басшыларына кәсіптік даярлығы туралы қысқаша деректер .

4) Әуе кемелеріне ТҚК процесіне тікелей қатысатын инженерлік-техникалық құрам тұлғаларының тізімі, олардың білімі, атқарып отырған қызмет, авиатехникаға техникалық қызмет көрсетуге рұқсатының бар болуы көрсетіледі.

5) Олардың негізінде инженерлік-авиациялық қызмет жұмысы ұйымдастырылған негізгі құжаттардың тізбесі.

б) Инженерлік-техникалық құрамды авиациялық техникада жұмыс істеуге жіберудің тәртібі, осы жұмыстарға рұқсат етуді растайтын құжаттардың бар болуы туралы ақпарат.

7) Ұшу және инженерлік-техникалық құрамның авиациялық-техникалық дайындығын ұйымдастыру.

8) Инженерлік-техникалық құрамның қозғалтқышты іске қосу мен сынауға, әуе кемелерін тіркеп сүйреуге және т.б. жіберілуі туралы ақпарат.

9) Инженерлік-авиациялық қызмет орындайтын техникалық қызмет көрсету түрлерінің тізбесі.

10) Халықаралық ұшуларды орындау үшін қосымша жабдықтарды орнатуға байланысты әуе кемелерінің әрбір үлгісіне техникалық қызмет көрсету регламенттерін және технологиялық нұсқауларды толықтыру туралы ақпарат.

11) Халықаралық ұшуларды орындау кезінде әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру туралы ақпарат.

12) Авиациялық техниканың жай-күйін бақылау, оның сенімділігін және әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетудің сапасын қамтамасыз ету туралы
а қ п а р а т .

13) Объективті бақылау құралдарын пайдаланып ұшу ақпаратын жинауды, ашуды және пайдалануды ұйымдастыру туралы ақпарат.

14) Басшылық, нөмірлік және өндірістік-техникалық құжаттаманы қоса алғанда пайдалану құжаттамасын жүргізу туралы ақпарат. Басшылық

құжаттамаға толықтырулардың түсуін ұйымдастыру.

15) Әуе кемелеріне басқа ұйымдардың техникалық қызмет көрсетуі жөнінде жұмыс жүргізілуін растайтын құжаттар (шарттар) қамтылуы тиіс.

2. Әрбір әуе кемесіне арналған ақпарат:

1) Халықаралық ұшуларды орындау үшін орнатылған қосымша жа б д ы қ т а р д ы ң т і з б е с і .

2) Әуе кемесінің жеке ерекшеліктері (қажет болғанда);

3) Әуе кемелерінің, оның қозғалтқыштарының тағайындалған ресурсы. Әуе кемесінің және оның қозғалтқыштарының нақты пайдаланымы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 0 қ а ң т а р д а ғ ы

N 1 0 6 қаулысымен бекітілген

А з а м а т т ы қ ә у е к е м е л е р і н

пайдаланушыларды және олар

көрсететін қызметтерді

сертификаттау ережесіне

6-қосымша

Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тікелей байланысты басшылық құрам және мамандар жөніндегі деректер

1. Тегі, аты, әкесінің аты, атқарып отырған қызметі.

2 . Т у ғ а н ж ы л ы .

3 . Б і л і м і .

4 . А р н а й ы б і л і м і .

5. Басшылық қызметтегі жұмысы (атқарып отырған қызметтегі жұмыс өтілін к ө р с е т і п) .

6. Азаматтық авиация маманы куәлігінің нөмірі, оның қолданылу мерзімі.

7. Біліктілігін арттыру (күні, оқу орны, біліктілікті арттыру бағдарламасы).

8. Мерзімді аттестациядан өту, қорытынды.

Б а с ш ы

(күні, қолы)

Ескерту: Білімі және арнайы дайындығы туралы құжаттардың көшірмелерін ұсыну қажет.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 0 қ а ң т а р д а ғ ы

N 1 0 6 қаулысымен бекітілген

Азаматтық әуе кемелерін
пайдаланушыларды және олар
көрсететін қызметтерді
сертификаттау ережесіне
7-қосымша

Сертификаттық тексеру актісінің үлгі нысаны

_____ 2003 жылғы "____" _____
(уәкілетті органның атауы)

N ____ бұйрығына сәйкес мынадай құрамдағы комиссия

Төраға: _____
(Т.А.Ә., лауазымы)

Комиссия мүшелері: _____
(Т . А . Ә . , л а у а з ы м ы)

(Т . А . Ә . , л а у а з ы м ы)

(Т . А . Ә . , л а у а з ы м ы)

_____ азаматтық
(ұйымның атауы)
әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау жүргізілді
қорытынды мәтіні

Төраға: _____
(Т . А . Ә .) (қ о л ы)

Комиссия мүшелері: _____
(Т . А . Ә .) (қ о л ы)

(Т . А . Ә .) (қ о л ы)

А к т і м е н т а н ы с т ы м :

Ұйымның басшысы _____
(Т.А.Ә.) (қолы)

Қазақстан Республикасы

Ү к і м е т і н і ң

2003 жылғы 30 қаңтардағы

N 106 қаулысымен бекітілген

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызметтерді сертификаттау ЕРЕЖЕСІ

Ескерту. Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.09.26 N 891 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 30 қаңтардағы
N 106 қаулысымен бекітілген

Аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау ережесі

Ескерту. Ережеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.12. N 934 Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңының, "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының талаптарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының аса жеңіл авиация саласында сертификаттау жүргізудің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

Осы Ереже метеорологиялық мақсатта қолданылатын шар-ұшқыштарға, сондай-ақ басқарылмайтын ұшқышсыз аэростаттарға қатысты қолданылмайды.

2. Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар мен терминдер:

1) аса жеңіл авиация қауымдастығы және (немесе) федерациясы - Қазақстан Республикасының аса жеңіл авиация субъектілерінің қызметін үйлестіру үшін заңды тұлғаларды біріктіру жолымен құрылған коммерциялық емес ұйымдар;

2) өтінім - өтініш берушінің сертификаттық зерттеудің рәсімдерін өту үшін уәкілетті органға жазбаша өтініші;

3) өтініш беруші - аса жеңіл авиация саласында сертификаттау жүргізу үшін уәкілетті органға өтініш білдірген жеке немесе заңды тұлға;

4) сертификаттық талаптар - азаматтық авиацияны сертификаттау саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерде белгіленген талаптар.

3. Сертификаттық тексерістің тәртібі мен үлгі бағдарламасын, сондай-ақ өтініш беруші ұсынатын құжаттар тізбесін уәкілетті орган бекітеді.

4. Өтініш беруші ұсынатын құжаттардың көшірмелерін нотариус куәландырған болуы тиіс.

5. Өтініш беруші шетел мемлекеттері берген құжаттарды ұсынған жағдайда, олар мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылуы тиіс. Шетел тілінен аударманы нотариус куәландырған болуы тиіс.

6. Сертификаттау бойынша жұмыстарды жүргізу өтініш берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Сертификаттау бойынша жұмыстар жүргізу үшін алынған қаражат республикалық бюджетке аударылады.

7. Сертификаттардың берілуін, есепке алынуын, сондай-ақ сертификаттық талаптардың сақталуын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Аса жеңіл авиация әуе кемесінің данасын немесе үлгісін сертификаттау

8. Аса жеңіл авиация әуе кемесінің данасын немесе үлгісін сертификаттауды әуе кемелерін әзірлеушінің және тиісті федерациялар мен қауымдастықтардың қатысуымен уәкілетті орган жүзеге асырады.

9. Аса жеңіл авиация әуе кемесінің данасын немесе үлгісін сертификаттауды жүргізу үшін өтініш беруші уәкілетті органға осы әуе кемесі оған сәйкес жасалған техникалық құжаттаманы және двигательдер мен жабдықтарды алдын ала сынау нәтижелерін қоса ұсына отырып, өтінім береді.

10. Аса жеңіл авиация әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын анықтау үшін аса жеңіл авиация тиісті қауымдастықтары мен федерациялары уәкілетті органмен келісім бойынша аса жеңіл авиация әуе кемелерін тексеру жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін техникалық комиссия (бұдан әрі - техникалық комиссия) құрады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2310 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

11. Техникалық комиссия тексеру кезінде аса жеңіл авиация әуе кемесінің аэродинамикалық және барлық сипаттамалары, конструкциясы, оның жасалу (күрделі жөндеу) сапасы, техникалық жай-күйі бағаланады. Аса жеңіл авиацияның барлық әуе кемелері үшін тиісті техникалық құжаттама тексеріледі.

12. Техникалық комиссия тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті орган өтініш берушіге аса жеңіл авиация әуе кемесі данасының немесе (және) үлгісінің сертификатын (1, 2-қосымша) беруі үшін негіздеме болып табылатын, ұшуда пайдалану жөніндегі басшылыққа енгізілген ұшу шектеулерін ескере отырып, аса жеңіл авиация әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын анықтау актісін береді.

Әуе кемесін әзірлеуші Аса жеңіл авиация әуе кемесінің үлгісі немесе данасы сертификатының (бұдан әрі - Үлгі сертификаты) иесі болып табылады.

3. Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификатын беру

13. Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификаты (3-қосымша, бұдан әрі - Ұшу жарамдылығының сертификаты) міндетті кеме құжаты болып табылады және оны көшірмеге ауыстыруға рұқсат етілмейді. Аса жеңіл авиация әуе кемесінің бортында қабылдау-тапсыру актісі және ұшуға тапсырма болғанда ғана аса жеңіл авиация әуе кемесін оны жасайтын зауыттан, авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жөніндегі орталықтан тұрақты орналасу орнына дейін айдауға қолданыстағы ұшу жарамдылығының сертификатынсыз рұқсат етіледі.

14. Ұшу жарамдылығының сертификатын алу (ұзарту) үшін өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

Үлгі немесе дана сертификаты;

техникалық комиссия берген аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын анықтау және техникалық жай-күйін тексеру актісі;

аса жеңіл авиация әуе кемесін пайдалану құқығын беретін сатып алу-сату шартының немесе өзге де шарттың көшірмесі;

аса жеңіл авиация әуе кемесін қабылдау-тапсыру актісінің көшірмесі;

аса жеңіл авиация әуе кемесін әзірлеушінің немесе аса жеңіл авиация әуе кемесінің ресурсын анықтайтын конструкторлық бюроның құжаты.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2310 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

15. Ұшу жарамдылығының сертификаты екі жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

16. Ұшу жарамдылығы сертификатының қолданылуын ұзарту үшін аса жеңіл авиация әуе кемесі жыл сайын техникалық комиссияның куәландыруына жатады, оның нәтижесі оң болған кезде ұшу жарамдылығы сертификатының қолданылу мерзімі бір жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

17. Ұшу жарамдылығының сертификаты мынадай жағдайларда кері қайтарылып алынуды мүмкін:

1) Үлгі сертификаты кері қайтарылғанда;

2) пайдалану процесінде ұшу жарамдылығына әсер ететін жойылмайтын ақаулар табылғанда;

3) аса жеңіл авиация әуе кемесінің, оның ұшу жарамдылығының бұзылуына әкеп соқтырған зақымдануында;

4) осы үлгідегі аса жеңіл авиация әуе кемесінің бүкіл паркін, сериясын, данасын немесе үлгісін пайдалануды тоқтату туралы белгіленген тәртіппен ш е ш і м қ а б ы л д а н ғ а н д а ;

5) әзірлеуші көздемеген ұшу жарамдылығына әсер ететін жетілдірулерді, пайдаланатын нұсқаға қайта жабдықтау жүргізу үшін ұшуды тоқтатқан ж а ғ д а й л а р д а .

18. 17-тармақта аталған жағдайларда пайдаланушы дереу ұшуды тоқтатады және ұшу тоқтатылған күннен бастап он күн мерзімде уәкілетті органға тиісті ұшу жарамдылығы сертификатын қайтарады. <*>

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.03. N 1265 қ а у л ы с ы м е н .

19. Ұшу жарамдылығының сертификаты абайсызда зақымдалған немесе жоғалған (ұрланған) жағдайда өтінішке сәйкес телнұсқа беру жолымен а у ы с т ы р у ғ а ж а т а д ы .

20. Ұшу жарамдылығы сертификатының телнұсқасын алу үшін пайдаланушының ұшу жарамдылығы сертификатының жоғалу немесе ұрлану фактісін растайтын құжаттарды өтінішке қоса беруі қажет.

21. Ұшу жарамдылығының сертификаты абайсызда зақымдалған, жоғалған (ұрланған) кезде аса жеңіл авиацияның әуе кемелерін пайдалану дереу т о қ т а т ы л у ы т и і с .

22. Шетел мемлекеті берген аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшу жарамдылығының сертификаты (куәлігі), оларға сәйкес ол берілген немесе оған күш берілген талаптар Қазақстан Республикасында белгіленген ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкес болған жағдайда Қазақстан Республикасында жарамды деп танылады.

4. Аса жеңіл авиация әуе кемелерін пайдаланушыларды және олар көрсететін қызметтерді сертификаттау

23. Авиациялық қызметтер сертификаттау объектілері болып табылады.

24. Аса жеңіл авиация әуе кемелерін пайдаланушының сертификаты (4-қосымша, бұдан әрі - Пайдаланушы сертификаты) иеліктен шығарылмайтын болып табылады және басқа тұлғаға берілуі мүмкін емес.

Пайдаланушы сертификаты қолданылу саласы мен мерзімі көрсетіліп, 2 жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

25. Пайдаланушы қайта сертификаттау үшін қолданыстағы Пайдаланушы сертификаты қолданылу мерзімінің аяқталуынан кем дегенде бір ай бұрын өтінім береді. Олар бойынша өзгерістер болмаған (немесе жаңарту талап етілмеген) құжаттарды бірінші басшы куәландырған және өтінім берген күнмен сәйкес

келетін күні көрсетілген көшірмелер түрінде ұсынуға рұқсат етіледі.

26. Сертификаттауды жүргізудің мынадай тәртібі белгіленеді:

1) уәкілетті органға өтініш иесінің сертификаттық талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды қоса ұсына отырып өтінім беруі;

2) өтінім бойынша алдын ала бағалау және уәкілетті органның шешім қабылдауы ;

3) уәкілетті органның әуе кемесін әзірлеушінің және аса жеңіл авиацияның қауымдастықтарының және (немесе) федерацияларының қатысуымен сертификаттық тексеріс жүргізуі;

4) шешім қабылдау және пайдаланушы сертификатын беру (беруден бастарту) .

27. Пайдаланушы аса жеңіл авиация әуе кемелерінің белгілі бір үлгілерін пайдалануға және белгілі бір авиациялық жұмыстарды орындауға қосымша сертификаттауды мынадай жағдайларда өтеді:

1) аса жеңіл авиация әуе кемелерінің басқа үлгілерін сатып алғанда;

2) авиациялық жұмыстардың басқа түрлерін орындауға ниеті болғанда.

28. Сертификаттаудың жалпы мерзімі бір айдан аспауы тиіс.

29. Өтінім иесі Пайдаланушы сертификатын алу үшін уәкілетті органға сертификат талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды қоса ұсына отырып өтінім жібереді .

30. Уәкілетті орган сертификат талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттары бар өтінімді 20 (жиырма) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қарайды және өтініш берушіге өтінім бойынша шешімді хабарлайды.

31. Уәкілетті орган өтінім бойынша Пайдаланушы сертификатын беру туралы шешімді, егер өтініш беруші мынадай талаптарға сәйкес болса қабылдайды:

1) қызмет көрсетулердің қажетті деңгейін ұсынады;

2) Аса жеңіл авиация әуе кемесін ұшуға пайдалану жөніндегі басшылықтың талаптарына сәйкес аса жеңіл авиация әуе кемелерін пайдалануды қамтамасыз етеді және бұл ретте тиісті бақылауды жүзеге асырады;

3) аса жеңіл авиация әуе кемелерінің қолда бар үлгілеріне сәйкес ұшулар түрлерін, әуе жолдарын және әуеайлақтарды таңдайды;

4) аса жеңіл авиация әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетудің және авиациялық-техникалық құрам даярлығының тиісті деңгейіне ие болады;

5) тиісті аспаптармен немесе жоспарланатын авиациялық жұмыстар үшін жабдықпен жарақтандырылған аса жеңіл авиацияның сертификатталған әуе кемелері бар ;

6) мәлімделген ұшулардың қауіпсіз орындалуын қамтамасыз етеді;

7) авиациялық жұмыстар үшін келісілген аудандар, бағыттар мен әуеайлақтары бар ;

8) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі басшы құрамның міндеттері мен жауапкершілік аясын белгілейді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті сақтандыруды жүзеге асырады.

32. Өтінімді алдын ала бағалау барысында уәкілетті орган мынадай рәсімдерді жүзеге асырады:

1) ұсынылатын авиациялық қызметтердің көлемін, аса жеңіл авиация әуе кемелерінің үлгілерін, өтініш берушінің басшы лауазымдарын атқаратын мамандарының басқару және жетекшілік жасау әдістерін, құқықтары мен міндеттерін бағалау;

2) авиациялық персоналдың даярлық деңгейін анықтау;

3) өтініш беруші ұсынған аса жеңіл авиация әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету және ұшуда пайдаланылуын, әуе қозғалысын ұйымдастыруды, аса жеңіл авиация әуе кемелерінің және басқа да жабдықтардың, сондай-ақ ұшуды қамтамасыз ететін қызметтердің техникалық жағдайына инспекциялық тексеру (бақылау) жүргізу жүйесі мен бағдарламасын бағалау;

4) өтініш берушінің орындау қажет демонстрациялық немесе дәлелдеу (техникалық) ұшуларын анықтау;

5) өтінім бойынша шешім қабылдау және оны өтініш берушіге жіберу.

33. Егер өтінім осы Ереже талаптарына сәйкес болмаған немесе сертификат талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар толық көлемде ұсынылмаған жағдайда, өтінім жөніндегі шешімде қайтарылу себептері көрсетіле отырып, өтінім кері қайтарылуға жатады.

34. Өтінім бойынша ескертулер болмаған кезде (ескертулер жойылғаннан кейін) өтінім жөніндегі шешімнің негізінде, уәкілетті орган басшысының бұйрығымен сертификаттық тексеріс жүргізу үшін аса жеңіл авиация қауымдастығының және (немесе) федерациясының қатысуымен комиссия құрылады.

35. Өтініш беруші өзінің қызметін ұшуды қамтамасыз етудің барлық түрлері бойынша сертификаттық талаптарды ескере отырып ұйымдастырады, оларға:

1) құқықтық қамтамасыз ету;

2) ұшуда пайдаланылуын қамтамасыз ету;

3) авиациялық-техникалық қамтамасыз ету;

4) әуе қозғалысына қызмет көрсетуін қамтамасыз ету;

5) штурмандық қамтамасыз ету;

6) аэронавигациялық қамтамасыз ету;

7) метеорологиялық қамтамасыз ету;

8) әуеайлақтық және әуежайлық қамтамасыз ету;

9) медициналық қамтамасыз ету жатады.

Ұшуды қамтамасыз етудің көрсетілген түрлері бойынша сертификаттық талаптарды іске асыру кезінде өтініш беруші қызметін дербес жүзеге асырады және заңнамаға сәйкес осы қызметті жүзеге асыру үшін өзге де тұлғаларды тарта а л а д ы .

36. Ұшу жұмысын ұйымдастыру, ұшу құрамының даярлығы және біліктілігі ұшудың жүзеге асырылуын реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс. Экипаж мүшелерінің аса жеңіл авиация саласындағы тиісті кәсіби қызметін жүзеге асыруға құқығын куәландыратын қолданыстағы к у ә л і к т е р і б о л у ы т и і с .

37. Өтініш берушінің мынадай құжаттамасы міндетті тексеруге жатады:

- 1) ұшуларды ұйымдастыру мен орындау бойынша;
- 2) ұшуларды қамтамасыз ету бойынша;
- 3) экипаж мүшелерінің жеке істері;
- 4) экипаждардың ұшу мен жұмыс уақыттарын есепке алу бойынша;
- 5) пайдаланымдық және борттық жазбалары.

38. Өтініш беруші аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшу жарамдылығын сақтау жөніндегі жұмыстарды сертификатталған өз күшімен не аса жеңіл авиация сапасында жұмыстардың осы түрлерін орындауға сертификаты бар болса, өзге тұлғаларды тарту арқылы орындайды. Бұл ретте өтініш беруші мен аса жеңіл авиация әуе кемесіне техникалық қызмет көрсетілуін жүргізетін ұйым арасында ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапкершіліктің бөлінуі к ө з д е л е д і .

39. Егер өтініш беруші басқа мемлекетте тіркелген аса жеңіл авиация әуе кемесін пайдаланса, онда аса жеңіл авиация әуе кемесінің иесімен аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшу жарамдылығын сақтауға жауапкершілікті белгілейтін тиісті келісім (шарт) жасалуы тиіс. Өтініш иесінде аса жеңіл авиацияның барлық пайдаланылатын әуе кемелерінде қолданылатын ұшу жарамдылығы сертификаты немесе Қазақстан Республикасында күші бар деп танылған шетел мемлекетінің ұшу жарамдылығы сертификаты (куәлігі) болуы тиіс.

40. Сертификаттық тексеріс нәтижелері бойынша өтініш берушінің объектілерінің нақты жай-күйі, пайдаланушы сертификатын беру мүмкіндіктері (мүмкін еместігі) туралы тұжырымдары, ұсынымдары мен қорытындылары көрсетілген сертификат тексерісінің актісі екі данада жасалады. Уәкілетті орган құратын комиссияның барлық мүшелері актіге қол қояды және ол өтініш иесіне т а н ы с у ү ш і н ұ с ы н ы л а д ы .

41. Комиссияның сертификаттық тексеру мерзімі 10 (он) күннен аспауы тиіс.

42. Пайдаланушы сертификатын беру мүмкіндігі туралы қорытындысы бар сертификаттық тексеріс актісі жасалғаннан кейін уәкілетті орган бес күн мерзімде пайдаланушы сертификатын ресімдеуді және беруді жүргізеді.

43. Пайдаланушы сертификатын беруден бас тарту мынадай жағдайларда жүргізіледі, егер:

1) аса жеңіл авиация әуе кемелерін пайдалану жөніндегі қызметтерді көрсетуге заңнамалық кесімдермен осы санаттағы тұлғалар үшін тыйым салынса;

2) өтініш беруші ұсынатын қызметтер сертификат талаптарына сәйкес келмесе;

3) өтініш берушіге қатысты оған осы қызмет түрін көрсетуге тыйым салынған сот шешімі болса.

44. Пайдаланушы сертификатын беруден бас тартқан жағдайда өтініш берушіге бас тарту себебі көрсетілген дәл жауап беріледі.

45. Пайдалану сертификатының қолданылуы мынадай негіздер бойынша тоқтатыла тұруы мүмкін:

1) пайдаланушы ұсынатын қызметтер сертификат талаптарына сәйкес келмеген кезде;

2) пайдаланушының өтініші бойынша;

3) авиациялық қызмет саласындағы сертификат талаптары өзгерген кезде;

4) авиациялық қызмет көрсетудің технологиялық процесі өзгерген кезде.

46. Уәкілетті орган тоқтату себебін көрсете отырып, алты айға дейін мерзімге Пайдаланушы сертификатының қолданылуын тоқтата тұра алады.

Пайдаланушы сертификатының қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім, егер пайдаланушы уәкілетті орган белгілеген мерзімде тоқтату себептерін жоя алатын болса ғана қабылданады. Кері жағдайда Пайдаланушы сертификаты кері қайтарылды.

47. Пайдаланушы сертификатының қолданылуын қалпына келтіруді уәкілетті орган пайдаланушы анықталған кемшіліктері жойғаннан, пайдаланушы уәкілетті органға растайтын құжаттарды ұсынғаннан және уәкілетті орган қажетті тексерістері жүргізгеннен кейін ғана жүзеге асыруы мүмкін.

48. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңында көзделген жағдайларда Пайдаланушы сертификаты жарамсыз деп танылады.

49. Пайдаланушы сертификатын кері қайтарып алғаннан соң немесе оны жарамсыз деп танығаннан кейін Пайдаланушы сертификатын алуға өтінім берген кезде қайта сертификаттау осы Ережеде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

50. Берілген Пайдаланушы сертификаттарын қайта ресімдеу пайдаланушының атауы, оның мәртебесі, ведомстволық бағыныстылығы өзгергенде және басқа да өзгерістер болу жағдайында, егер олар сертификаттық талаптарға сәйкессіздікке әкелмейтін болса жүргізіледі.

51. Пайдаланушы сертификаты бүлінген немесе жоғалған (ұрланған) жағдайда уәкілетті орган пайдаланушыға оның өтінімінің негізінде тел-нұсқасын б е р е д і .

52. Пайдаланушы сертификатына өзгерістер енгізу немесе тел-нұсқасын алу үшін пайдаланушы уәкілетті органға еркін нысанда қажетті негіздемелерді және бұрын берілген Пайдаланушы сертификатын қоса ұсына отырып (жоғалған немесе ұрланған жағдайдан басқа) өтініш береді.

53. Өзгерістер мен толықтырулар, сондай-ақ телнұсқалар Пайдаланушылар сертификаттарының тізілімінде белгіленеді, одан кейін Пайдаланушы сертификаты (Пайдаланушы сертификатының телнұсқасы) пайдаланушыға б е р і л е д і .

54. Сертификаттық талаптардың сақталуын бақылауды уәкілетті орган жүзеге а с ы р а д ы .

Уәкілетті орган сертификаттық қызметтердің жай-күйі мен сапасының тұрақтылығына байланысты тексеру жүргізуін мерзімділігін белгілейді.

55. Тексеру жүргізудің мақсаты:

- 1) пайдаланушы қызметінің сертификат талаптарына сәйкестігін тексеру;
- 2) сертификат талаптарына пайдаланушы объектілерінің, құжаттамасының сәйкестігін тексеру болып табылады.

56. Тексеру нәтижелері бойынша пайдаланушы және тексеруді жүзеге асыратын тұлға (тұлғалар) қол қоятын екі данада акті жасалады.

Уәкілетті орган тексеру нәтижелері бойынша осы Ережеге сәйкес Пайдаланушы сертификатының қолданылуын тоқтата тұра немесе кері қайтара а л а д ы .

57. Пайдаланушы сертификатының қолданысы тоқтатылғанда, кері қайтарылғанда немесе жарамсыз деп танылғанда уәкілетті орган пайдаланушыға және аэронавигациялық ақпарат қызметіне қабылданған шешім туралы х а б а р л а й д ы .

58. Пайдаланушы сертификатын кері қайтару, жарамсыз деп тану туралы шешім оның Пайдаланушы сертификаттары есебінен шығарылған кезінен бастап к ү ш і н е е н е д і .

59. Пайдаланушы сертификаты кері қайтарылған, жарамсыз деп танылған кезде пайдаланушы уәкілетті органға Пайдаланушы сертификатын дереу қайтаруы тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2003 жылғы 30 қаңтардағы

N 106 қаулысымен бекітілген

Аса жеңіл авиация саласындағы

сертификаттау ережесіне

1-қосымша

-----Елтаңба-----

Уәкілетті орган

АСА ЖЕҢІЛ АВИАЦИЯНЫҢ ӘУЕ КЕМЕСІ ҮЛГІСІНІҢ СЕРТИФИКАТЫ

N _____

Осымен аса жеңіл авиация әуе кемесінің _____ үлгі конструкциясының сертификаттық талаптарға сәйкестігін куәландырады.

Аса жеңіл авиацияның әуе кемесі үлгісінің негізгі пайдалану шектеулері және сипаттамалары осы сертификаттың ажырамас бөлігі болып табылатын деректер картасында қамтылған.

М О

У ә к і л е т т і
о р г а н н ы ң б а с ш ы с ы

(қолы) (Т.А.Ә.)

Күшіне енген күні: ____ ж. " ____ " _____

Қолданылу мерзімі: ____ ж. " ____ " _____ дейін

Қазақстан Республикасы

Ү к і м е т і н і ң

2003 жылғы 30 қаңтардағы

N 106 қаулысымен бекітілген

Аса жеңіл авиация саласындағы

сертификаттау ережесіне

2-қосымша

-----Елтаңба-----

Уәкілетті орган

АСА ЖЕҢІЛ АВИАЦИЯНЫҢ ӘУЕ КЕМЕСІ ДАНАСЫНЫҢ СЕРТИФИКАТЫ

N _____

Осымен аса жеңіл авиацияның әуе кемесі данасының _____ үлгі конструкциясының сертификаттық талаптарға сәйкестігін куәландырады.

Аса жеңіл авиацияның әуе кемесі данасының негізгі пайдалану шектеулері және сипаттамалары осы сертификаттың ажырамас бөлігі болып табылатын деректер картасында қамтылған.

М О

У ә к і л е т т і
о р г а н н ы ң б а с ш ы с ы

(қолы) (Т.А.Ә.)

Күшіне енген күні: ____ж. " ____ " ____

Қолданылу мерзімі: ____ж. " ____ " ____ дейін

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2003 жылғы 30 қаңтардағы

N 106 қаулысымен бекітілген

Аса жеңіл авиация саласындағы

сертификаттау ережесіне

3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.12. N 934
Қаулысымен.

-----Елтаңба-----

Уәкілетті орган

АСА ЖЕҢІЛ АВИАЦИЯНЫҢ ӘУЕ КЕМЕСІ ҰШУ ЖАРАМДЫЛЫҒЫНЫҢ СЕРТИФИКАТЫ

N _____

1. Әуе кемесінің үлгісі мен мақсаты	2. Мемлекеттік және тіркеу тану белгілері UN	3. Сериялық (зауыттық) нөмірі
---	--	-------------------------------------

4. Әуе кемесі Қазақстан Республикасының Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне ____ж. " ____ " ____ N _____ енгізілген.

5. Осы сертификат жоғарыда көрсетілген әуе кемесіне "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңына және Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға (Чикаго қаласы, 1944 ж.)
с ә й к е с б е р і л г е н .

Осы әуе кемесі, егер ол көрсетілген құжаттарға және белгіленген пайдалану

шектеулеріне сәйкес күтіп ұсталатын және пайдаланылатын болса, ұшуларға
ж а р а м д ы д е п е с е п т е л е д і .

6. Конструкцияның салмағы (массасы-кг) _____

7. САХ % тендестіру _____

М О

У ә к і л е т т і

органның басшысы

(қолы) (Т.А.Ә.)

Күшіне енген күні: ____ ж. " ____ " _____

Қолданылу мерзімі: ____ ж. " ____ " _____ дейін

Сертификаттың қолданылу мерзімі _____дейін ұзартылған

Негіздеме

М О

У ә к і л е т т і

органның басшысы

(қолы) (Т.А.Ә.)

Ұзарту күні _____

Сертификаттың қолданылу мерзімі _____дейін ұзартылған

Негіздеме

М О

У ә к і л е т т і

органның басшысы

(қолы) (Т.А.Ә.)

Ұзарту күні _____

Сертификаттың қолданылу мерзімі _____дейін ұзартылған

Негіздеме

М О

У ә к і л е т т і

органның басшысы

(қолы) (Т.А.Ә.)

Ұзарту күні _____

Пайдалану процесінде болған өзгерістер _____

Осы Сертификат табыстауға жатпайды және оны қолдану белгіленген тәртіпке сәйкес тоқтатыла тұрғанға немесе басқа да жолмен тоқтатылғанға дейін күш і н д е б о л а д ы .

Инспекциялық бақылауды _____ жүзеге
(уәкілетті органның атауы)

асырады.

М О

У ә к і л е т т і

органның басшысы

(қолы) (Т.А.Ә.)

Күшіне _____ енген күні: ____ ж. " ____ " _____

Қолданылу мерзімі: ____ ж. " ____ " _____ дейін